


ОЛИМПИАДАЛЫҚ ХАРТИЯ



ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ НЕМЕСЕ ОЛИМПИАДА (ГР. ΟΛΥΜΠΙΑΚΟΪ ΑΓΩΝΕΣ) ТӨРТ ЖЫЛДА БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕТІН ЕҢ ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕШЕНДІ СПОРТТЫҚ ЖАРЫС. ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯДА БОЛҒАН ДӘСТҮР, ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА ФРАНЦУЗДЫҚ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ БАРОН ПЬЕР ДЕ КУБЕРТЕНМЕН ЖАҢАРТЫЛДЫ. АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕ ТЕК ҚАНА ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ, ТӨРТ ЖЫЛДА БІР РЕТ ӨТКІЗІЛІП ОТЫРАТЫН, ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАР БОЛҒАН ЖЫЛДАРДЫ ҚОСПАҒАНДА. 1924 ЖЫЛЫ ЖАЗҒЫ ОЙЫНДАРЫМЕН ҚАТАР ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ ДА ӨТКІЗІЛЕ БАСТАДЫ. БІРАҚ 1994 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАЗҒЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАР ЕКІ ЖЫЛДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚПЕН ӨТІП ТҰРАДЫ.



- ▶ Олимпиада ойындары ежелгі адамзат баласының өткен тарихының дамуымен байланыстырады. Осы күнге дейін ойынның пайда болу мерзімі нақты айтылмаған. Олимпиада ойындарының пайда болу себебі нақты болмаса да, олимпиада ойындарының пайда болуы жайында эллиндерде бірнеше қызықты аңыздар бар. Алғашқы ойындар Зевс құдайының құрметіне б.з.д. 776 жылдан бастап төрт жылда бір рет Олимпия қаласында өткізілетін. Кейін б.з. 394 жылы Византия императоры Федосий І-нің бұйрығы бойынша тоқтатылды. Бұл ойындарда әскери дайындық, дене шынықтыру өнерін көрсету байқаулары, дәстүрге айналған ақындар мен шешендер айтысы, әр түрлі өнер көрмелері ұйымдастырылған. Олимпиада ойындары кезінде соғыстар тоқтатылып, қасиетті тыныштық орнайтын дәстүр қалыптасқан. Осы кезде бір айдан үш айға дейін бүкіл Эллада жерінде қару жұмсауға, тіпті ойынды тамашалаушыларға қару-жарақпен келуге тыйым салынған. Ол кезде олимпиада ойындары бес күн өткізілген, бағдарламасына жүгіру, күрес, ат жарысы, қоссайыс, бессайыс сияқты спорт түрлері кірген. Жеңімпаздарға зәйтүн ағашының жапырағынан өрілген алқа кигізіліп, құрмет көрсетілген.

ДАМУ БАРЫСЫ

- ▶ 19 ғасырдың орта кезінде Грекияда олимпиада ойындарды қайта жандандыру мақсатында біраз әрекеттер жасалды. Сөйтіп, 1859, 1870, 1875 және 1889 жылдары Афинада грек спортшыларының қатысуымен секіру, жүгіру, диск, найза лақтыру, гимнастика сияқты спорт түрлерінен жарыстар өтті. Олимпиада ойындары бүкіл Грекияны біріктіретін, жалпы ұлттық оқиғаға айналды. Біраз уақыттан кейін гректерге олимпиада ойындардың бірыңғай күнтізбесін бекіту идеясы келді. Алғашында ойын өтуі бір күнге созылса, кейінірек ойынның ұзықтығы бір айға дейін жетті. Ойынды әр төрт жылда астық пен жүзім жинау арасында үнемі өткізіп тұру туралы шешім шығарды. Қоғам қайраткері - Пьер де Кубертеннің олимпиялық ойындар өткізу жөніндегі ұсынысын қабыл алған Францияның оқу ағарту министрі оған дене тәрбиесін дамыту жөніндегі халықаралық конгресс шақыруды табыстады. Содан 1894 жылы маусым айында 12 елдің қатысуымен конгресс өз жұмысын өткізді. Оған қатысушылар Пьер де Кубертэннің баяндамасын талқылап, 1896 жылы 1-олимпиялық ойындарын Афина қаласында өткізу жөнінде шешім қабылдады. Халықаралық олимпиада комитетінің тұңғыш басшысы болып грек Деметриус Викелас сайланды. Сонымен қазіргі заманғы алғашқы олимпиада ойындары 1896 жылы сәуір айының 6 – 15 аралығында Афинада өтіп, оған 13 елден 311 спортшы қатысты.

- ▶ Алғашқы үш орынға орналасқан спортшылар немесе командалар, медальдарға иеленеді. Жеңімпаздар алтын медальға (шынында күмістен жасалып, алтын жалатылған), екінші орынға орналасқандар күміс медальға, ал үшінші орындағылар қола медальға ие болады.
- ▶ Бұл дәстүр, Лондонда өткен 1908 жылғы жазғы Олимпиада ойындарынан басталады. Афина қаласындағы алғашқы Олимпиада ойындарында тек қана бірінші және екінші орындарға ие болғандар ғана медальдармен марапатталатын, ал 1900 жылы Парижде және 1904 жылы Сент-Луисте медальдардың орнына кубоктар мен басқа сыйлықтар сыйлаған болатын.



Майкл Фелпс АҚШ спортшысы

- ✓ Олимпиада ойындарының алтын медальдарына ең көп ие болған спортшы.
- ✓ Спорт түрі: Жүзу
- ✓ 16 алтын, 2 қола медалінің иегері



ОЛИМПИАДА НЫШАНДАРЫ

- ▶ Олимпиада қозғалысы көптеген нышандарды қолданады, негізінде олардың барлығы барон Пьер де Кубертеннің мұраттары мен ойларынан жаратылған.
- ▶ Осы нышандардың ішіндегі ең танымалы, 1920 жылдан бастап әр бір ойында көтерілетін бес сақина суреттелген олимпиада туы шығар. Олимпиада туы, ақ түсті матаның үстінде, бес түрлі-түсті сақина суреттелген ақ түсті мата болып табылады. Әр бір сақина, бес түрлі құрлықты білдіреді: Еуропаны, Азияны, Африканы, Америка мен Океанияны. Барлық сақиналар бір-бірімен байланысқан және Олимпиада ойындары рухының жан-жақтылығын білдіреді.
- ▶ Бес сақина үшін таңдалған түстер (солдан оңға қарай): көк, сары, қара, жасыл және қызыл. Осы ту таңдалған кезде ақ фонмен қатар, бұл түстер әр бір елдің туында бар еді, сондықтан да бұл сақиналар тек қана құрлықтарды емес, әлемдегі барлық елдерді білдіреді.

- ▶ Олимпиада ойындарының ресми ұраны "Citius, Altius, Fortius", латын тілінен аударғанда "тезірек, жоғарырақ, күштірек" деген мағынаны білдіреді. Бұл ұран алғашқы рет 1924 жылы Парижде қолданылған болатын, бірақ Кубертеннің айтқан Ең бастысы – жеңіске жету емес, қатысу - деген бейресми ұранға айналған нақыл сөздің маңыздылығы кем емес.
- ▶ Олимпиада оты, күн сәулелерінен Олимпия қаласында тұтандырылады. Бұл дәстүр алғаш рет 1936 жылғы Берлинде өткен Олимпиада ойындарында пайда болды. Олимпиада оты, эстафета арқылы ойындар өтетін орынға дейін әкелініп, ашылу салтанаты кезінде Олимпиада тостағанында от жандырылады және жабылу салтанатында өшіріледі.



*Назарларың ызға а
рахмет*

